

Меңгеруші жанындағы кеңес
Хаттама № 8

20.03. 2025 жылы № 264 мектеп-лицей жанындағы қосымша білім беру орталығында меңгеруші жанындағы кеңес болып өтті.

Қатысуға тиіс: Үйірме жетекшілері

Күн тәртібінде

1. Үйірме жетекшілерінің III тоқсандағы оқу-тәрбие жұмыстарының есебі
2. Ата-аналармен біріккен жұмыстардың ұйымдастырылуы
3. Көктемгі демалыс күнгі мәдени іс-шараларды өткізу

Тыңдалды:

Үйірме жетекшілері:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша үйірме жетекшілерінің III тоқсандағы оқу-тәрбие жұмыстарының анықтама есептері тыңдалды. Сурет, домбыра, хор, би, күрес үйірмелерінің жетекшілері сөз алып, тоқсан барысындағы сабақтың жүргізілуі, сабаққа үйірме мүшелерінің қатысуы, біртұтас тәрбие бағытындағы іс-шаралардың атқарылуы және үйірме мүшелерінің жетістіктері жайында есеп берді.

Екінші мәселе бойынша, қосымша білім беру орталығының меңгерушісі М.Рахметова сөз алып, балаға жан-жақты тәрбие беру мақсатында қосымша білім беру орталығының жоспар бойынша ата-аналармен біріккен жұмыстардың нәтижесіне тоқталып, 7 ақпан күні «Үштік одақ - ата-ана, оқушы, қосымша білім беру педагогтары арасында «Мен үшін өмір керемет!» тақырыбында дөңгелек үстел, 1 наурыз Алғыс айту күніне орай 28 ақпан күні «Қосымша білім беруді сапалы ұйымдастыру – оқушының жан-жақты дамуының жаңа қыры» тақырыбындағы ата-аналарға арналған «Ашық есік» күнінің мерекелік **концерттік бағдарламасы** ұйымдастырылғандығын және алдағы уақытта да осы шаралар жалғасын табу керек екендігін атады.

Үшінші мәселе бойынша көктемгі демалыс күнгі мәдени іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді және үйірме мүшелерін толық қатыстыру, іс-шаралар арқылы олардың қызығушылықтары мен құлшыныстарын арттыру көзделді.

Қаулы етеді:

1. Үйірмелердегі оқу-тәрбие жұмыстарын жандандыру үйірме жетекшілеріне жүктелсін.
2. Ата-аналармен біріккен жұмысты жандандыру үйірме жетекшілеріне тапсырылсын.
3. Тапсырманың орындалуын қадағалау орталық меңгерушісіне жүктелсін.

Жиналыс хатшысы:

 Ш.Базарбаева